

# **Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті**


**Факультеті: Филология  
Кафедра: Қазақ филологиясы**

## **СӨЖ**


**Тақырыбы: Бронхит.Тонзелит. Зат есім және оның құрамына  
қарай бөлінуі.**


**Орындаған: Қорабоева У.  
Қабылдаған: Молдашева А.  
Уақыты:13:00-14:45**

# Бронхит




# Бронхтардың құрылысы










Электрондық  
микроскоппен  
түсірілген  
бронхтың  
кілегей қабаты

# Темекі әсерлері

Темекіден бір дем тартқанда ,  
300 миллион мен 3 миллиард  
уытты заттар өкпеңізге енеді



# Бронх қабырғасындағы өзгерістер



# Жедел бронхит

- *Жедел бронхит* – бронхтар кілегей қабығының жедел сирегірек - қабырғасының барлық қабаттарының бір мезгілде қабынуы.




# Себептері.

көбіне жедел респирациялық вирустық аурулардың асқынуынан дамиды, сондықтан инфекциялық аурулардың қатарына жатады.

- Жедел бронхиттің 90%-да анықталатын қоздырғышы — вирус немесе микоплазма.
- Кейде жедел бронхит қызылшаның, көкжөтелдің асқынуынан да болады.
- Әр түрлі физикалық-химиялық ықпалдар (аса салқын немесе ыстық ауа, түрлі шаңдар, сілті, қышқылдардың булары, азот тотығы, күкірттің қос тотығы) әкеледі.

# Осы тікелей әсер ететін себептермен бірге бейімдеуші факторлар:

- мұрын, көмекей инфекциясы
- шылым шегу, ішкілікке салыну
- ауаның аса ылғалдылығы,
- өкпе тамырларындағы қан іркілісі.
- Аурудың дамуында тыныс жолдарының ауаны физикалық тазарту функциясының төмендеуі аса маңызды.
- Жедел бронхиолит, әдетте, балаларда кездеседі, оның қоздырушылары риносинцитиальдік, сирегірек парагриптік немесе аденовирустық инфекция



## *Клиникалық көрінісі*

- Көрінісі қинайтын жөтелден басталады. Алғашқы 2-3 тәулікте жөтелі құрғақ, кейін болар-болмас қақырық түсе бастайды.
- Қақырық әдетте кілегейлі, кейде кілегейлі-ірінді, оның тәуліктік мөлшері шамалы, 50 мл-ден аспайды. Қиналып қатты жөтелуден кеуденің диафрагмаға бекіген аймақтары, төстің арты ашып ауыруы мүмкін.



## *Клиникалық көрінісі.*

- Интоксикацияның салдарынан әлсіздік, селқостық, қол-аяқтардың, белдің ауырсынуы тән.
- Көбіне дене қызуы қалыпты немесе 2-3 күн ғана субфебрильді деңгейге дейін жоғарылайды. Бірақ грипп болғанда дене қызуы 38-39 °С көтерілуі мүмкін, сонымен қатар мұрынның, ауыздың айналасына ұшық шығуы және көмекейдің гиперемиясы байқалады.
- Науқастың қалтырауы бактериялық инфекцияның немесе пневмонияның қосылуына тән.

- Тыныс жетіспеушілігінен бет, кілегей жамылғылар, мұрын, құлақ, қол-аяқтың ұштары көгереді. Тыныс қимылы жиі және беткей, қосымша бұлшықеттердің қатысуымен жүреді.
- Жөтелгенде болмашы кілегейлі қақырық қиналдырып әрең түседі.

## *Емі.*

- Емдік тағам
- аскорбин қышқылын 0,5 г.,
- А витаминін 1-2 др. 3 реттен,
- этовитті 400 мг. 1 реттен қолданады.
- Осылармен қатар дезинтоксикациялық ем жүргізілуі тиіс. Ол үшін сұйықтықты (лимон, бал, қайнатпа қосылған шайды, жылытылған минеральді суды) молырақ ішкізеді.

## Алдын алу шаралары.

Бронхит жиі жас балаларда кездеседі, сол себептен бала бақшаларда, мектептерде суықтаудан, жұқпалы инфекциялық аурулардан, мысалы тұмаумен ауырмаудың алдын алу қажет. Бронхиттің алдын алу шаралары кезінде жоғарғы тыныс жолдары қабыну ауруларын емдеу керек. Ересектер үшін алдын алу шараларына темекі шегуден, алкогольдік ішімдіктерден арылу және суық ауадан сақтану керек.



# Тонзиллит

*Тонзиллит (tonsillitis) – таңдай (көмекей) бадамшаларының қабынуы. Тонзиллиттің жедел түрі және оның бірден қатты ұстайтын созылмалы түрі бар.*



## Созылмалы түрі

*Созылмалы түрі мұрыннан қиналып дем алудан, мұрын қуыстарының және тістің зақымдануынан болады. Бұл кезде қабыну ошағы негізінен бадамша бездің шұңқыры лакунада болады. Науқас адамның оқтын-оқтын тамағы ауырып, жұтынғанда тамағында бір нәрсе тұрғандай сезінеді. Кейде құлақ шаншып ауырады. Ауру адамның дене қызуы 37,3 – 37,5С-қа көтеріліп, дерт бірнеше аптаға, тіпті бірнеше айға созылады.*

# Ангина ауруының белгілері

- Жалпы ангинамен ауыра бастағанда бала әлсіреп, басы ауырады, тамағы ауырып, денесі қақсап, дене қызуы көтеріледі. Баланың мазасы кетіп, тамағы ісініп, қызарып, жұтынғанда ауыртып, кей жағдайларда, асқынып кетіп, ірің болуы да ғажап емес.

## **Дене қызуы көтерілгенде не істеу керек?**

**Әдетте, бала ангинасы пайда болған жағдайда дене қызуы кешкісін көтеріле бастайды. Тек сол кезде сасқалақтамай, ана мен бала қобдишасын (дәріханалық қобдиша) алу керек. Бірінішіден, баланың дене қызуын өлшеңіз, егер 38 градустан төмен болса, бала организімі күресу керек. Оған көмек ретінде баланы жеңіл ішкиімдермен ғана қалдырып шешіндіріңіз, үй температурасында тұрған суға сүлгіні сулап алып, баланың денесін сүртіңіз. Бірақ уксуспен сүртуге болмайды.**






## *Емдеу*

*Ангина дәрігердің көмегінсіз өз бетіңізше емдей салатын ауру емес. Бұл балалар түгілі ересектерге де қатысты. Кейде бала жағдайы жақсы бола тұра кардит (жүрекке әсер), нефрит (жүрекке әсер), ревматизм (дене буындары жүйелерінің зақымдалуы) қабынуларына да әкелуі мүмкін. Сондықтан, емделу процесінің аяғына дейін, яғни ангина кеткенге дейін ем қабылдау керек. Ангина жұқпалы аурулар қатарында болғандықтан, жанұяңызда бір кісі ауыра қалған жағдайда бөлек бөлмеде болғаны дұрыс. Ауырған баланың бөлмесінің ауасын жиі-жиі тазартып, күнделікті дезинфекциялық заттармен тазалап жуу керек. Кей жағдайларда ангинамен қатар, мұрын да толып, дем ала алмай жатады. Осындай жағдайда баланың мұрнын тазалап, арнайы дәрілік препараттарды мұрынға тамызу керек.*

*Үш жастан жоғары балаларға 1 стакан суға 1 үлкен қасықпен тұз алып араластырып, 1-2 сағат сайын тамағын шайқаса пайдасы зор. Ал, одан кіші балалар жоғарыда аталған шөптердің қайнамасын беру керек. Сол сияқты түнге тамағына компресс байласа да көмек болады. Педиатрияның дамыған заманында жақсы әсер беретін антибиотиктер бар. Антибиотиктерді тек дәрігер жазған рецепт бойынша қабылдап, оның тікелей бақылауында болу керек. Ангинаны емдеу үшін сульфаниламидтық препараттарды ішу, антибиотиктердің аэрозоль түрін, асқынған жағдайда күшті анбиотик қабылдау немесе уколмен емделу қажет болады.*



*«Ауырып ем іздегенше,  
ауырмайтын жол ізде» деген  
мақал тура айтылғандай,  
балаларда тұмау басталып  
келе жатқаннан бастап, дер  
кезінде дәрігерге көрсетіп  
алдын алыңыз. Сонымен  
қатар, бала асына да көңіл  
бөліңіз: жеңіл-желпі дайын  
астар (чипсы, киреешки, тек  
қана иогурт т.б) жемегені  
дұрыс.*

*Қалай ауырмауға болады?*

# *Зат есім*

***Заттың атын білдіріп Кім? Не? сұрақтарына жауап береді.***

***Зат есім түрлері:***

***құрамына қарай:***

***тұлғасына қарай:***

***•Негізгі***

***Мысалы: мектеп, мысық.***

***•Туынды***

***Мысалы: әнші, аспаз.***



**Мағынасына қарай:**

- **Жалпы (нарицательное)**

**Мысалы: теледидар, үстел.**

- **Жалқы (собственное)**

**Мысалы: Алматы, Татьяна, Қазақстан.**

- **Деректі (конкретное)**

**Мысалы: үй, өзен, сиыр.**

- **Дерексіз (абстрактное)**

**Мысалы: ақыл, ой, күн.**

**Назар салып тыңдағандарыңызға  
рахмет!**